



Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі

Түзету-дамыту жұмыстары

2023-2024 оқу жылы



«Бекітемін»

Ә.Құдабаев атындағы
№197 мектеп директоры
Е.Ақшалов

Тренинг

Тақырыбы: *«Кел танысайық» тренингі*

Қатысқандар: 1 сынып оқушылары

Орындаған: С.Биназарова

Қызылорда қаласы, 2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Кел танысайық» тренингі

Мақсаты: оқушылардың 1 сыныпқа бейімделуіне жағдай жасау, мектеп ережесімен таныстыру, әртүрлі ойындар ойнату арқылы мектеп өміріне еркін араласуына көмектесу.

Көрнекілігі: қиынды тапсырмалар, ойыншықтар, аңдардың маскалары, т.б.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Кіріспе.

Саламатсыңдар ма, құрметті оқушылар, сендер міне 1 сынып оқушысысыңдар. Сендерді мектепте көргеніме қуаныштымын, мұнда сендер көп білім алып, қызықты нәрселермен танысасыңдар. Ал енді қазір біз сендермен танысып алайық.

2. Амандасу.

Балалар барлығы есімдерін хормен айтады, сынып шу болып тәртіп бұзылады. Психолог түсіндіреді, егер біз хормен атымызды шулап айтатын болсақ, онда ештеңе естілмейді, түсінбейміз, ендеше бір-бірден айтайық. Айнала қоршалып тұрып, қолдарындағы жұмсақ ойыншықты бір-біріне беру арқылы аттарын айтып шығу керек.

Сұрақ: Бізді сынып бөлмесінде қоршаған заттарды айтайықшы.

Жауап: оқушылардың жауаптары тыңдалады.

Психолог: Балалар, қанекей тыңдайықшы бізге орындық, парта, тақта не дейді? Ештеңе демейді. Иісі шыға ма?, жоқ. Ендеше олар өздерін қорғай алмайды, сондықтан біз оларды қорғауымыз керек, бетін сызып шимайламай, сындырмауымыз керек. Өйткені біз осы партада отырамыз, және партада отырғанда дұрыс отыруымыз керек, әйтпесе арқамыз қисық болып кетеді.

Практикалық жұмыс. Сыйлық.

Психолог: балалар біз сынып бөлмесімен таныстық, енді осы сыныпқа сыйлық берейік. «Күннің көзі» (балаларға дайын күннің көзі таратылады, соған жан бітіру керек, яғни көзін, аузын салу керек), салып болған соң өздеріңе ұнаған жерге апарып жабыстыру керек.

3. Рөлдік ойын «Орман жануарларында қонақта»

Құралдары: жануарлар маскасы, саңырауқұлақ, жаңғақтар, гүлдер.

Ойын шарты: **Психолог:** Біз бүгін орманға барып ондағы мекендейтін жануарлардың қалай тұрып жатқанын бақылаймыз. Қандай жануарларды білесіңдер?

П-г: Ормандада жануарлар біздің отбасыларымыз сияқты әртүрлі мінезді болады, біреуі еңбекқор немесе жалқау, қайырымды немесе қатал, қамқор немесе немқұрайды. Ендеше солармен танысайық. Балаларға жануарлар маскасы таратылып беріледі.

П-г: бізге кім келді, тиін, ендеше тиін не істейді, соны қайталайық, психологтың қимылдарын қайталайық, саңырауқұлақ, жаңғақ жинау.

Ал енді кім келді? Қасқыр. Ол ырылдайды, оқушылар қайталау керек. Енді бізге қоян келді. Қоян қалай секіреді. Естисіңдер ме? Кім тарсылдатып келе жатыр, иә аю. Ол не жейді, қыста не істейді? Аюдың ұйықтағанын көрсетейік.

Ал енді біз барлық аңдарды шақырайық, ортаға айналып тұрып жүргізушінің айтқанын жасау керек. Егер алақан соғылса жүргізушіге қарай адымдау, ал егер өлең айтылса орындарында тұрып билеу керек.

4.Мектепте өзін қалай ұстау керек.

Балалар мектепте біз өзімізді қалай ұстауымыз керек? Үзіліс бізге не үшін беріледі? Келесі сабаққа дайындалу үшін, тынығу үшін. Төбелесуге, жүгіруге берілмейді.

5.Ойын. «Менің жақсы мысығым»

Балалар бізге мысық қонаққа келді, оған біз ұнап қалдық, енді қайтадан келу үшін біз оған жылы сөздер айтуымыз керек немесе сыйлық сыйлауымызға болады т.б.

6.Рефлексия.

Біз бүгін не үйрендік, не туралы айттық, сендерге ұнады ма, не ұнамады? Соңында оқушы қолына ту беріледі, ол келесі оқушыға тілек айтып береді, сөйтіп жалғаса береді.

ХАТТАМА

Күні: 21.09.2023ж

Тақырыбы: «Кел танысайық» тренингі

Қатысқандар: 1-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2023-2024 оқу жылының 21 қыркүйегі күні 1-сынып оқушыларының бірінші күндегі қорқыныш деңгейлерін төмендету, мектеп ережесімен таныстыру, жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру мақсатында «Кел танысайық » атты тренинг болып өтті. Бұл тренингке 1-сынып оқушылары қатысты.



Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. Кіріспе
2. Амандасу
3. Рөлдік ойын «Орман жануарларында қонақта»
4. Мектепте қалай ұстау керек
5. Ойын. «Менің жақсы мысығым»
6. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріңе қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова





«Бекітемін»

Ә.Құдабаев атындағы
№197 мектеп директоры
Е.Ақшалов

Тренинг

Тақырыбы: *«Бірінші рет 5 сыныпқа!» тренингі*

Қатысқандар: 5 сынып оқушылары

Орындаған: С.Биназарова

Қызылорда қаласы, 2023-2024 оқу жылы

«Бірінші рет 5 сыныпқа!» тренингі

Мақсаты:

5 сынып оқушыларына жаңа оқу кезеңіне сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау.

Міндеті:

Балалардың Мен-концепсиясы, нақты өзі-өзі бағалау мен төмен мектеп дербестігі арқылы тұрақты оқу мотивациясың қалыптастыру.

Құрдастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға қажетті, балалардың әлеуметтік және коммуникативтік икемділіктерін дамыту.

Ішкі ресурстарын жұмылдыру, бір-біріне демеу көрсету.

Көрнекі құралдар: 2 ватман, кішкене доп, «Мектеп жолы» суреті.

Шеңбер:

Сәлеметсіздерме балалар. Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Бүгін біз «Бірінші рет 5 сыныпқа!» атты тренинг өткіземіз. Тренингіміз қызықты өтсін деп тілек айтқым келеді.

Балалар, бір бірімізді қолымыздан ұстап «Сә-ле-мет-сіз-дер-ме!» деп бірге айтып амандасайық, ақырғы буында бәріміз бірге қол шапалақтаймыз.

Бүгінгі кездесуімізде мен Сіздерге психология ғылым туралы және осы ғылыммен айналысатын адамдар туралы таныстырап, айтқым келеді. Психология- жан дүние туралы ғылым, деп аударылады. Адамдардың барлығы өзінің Мен- деген сезіміне, өзінің ішкі жан дүниесіне назар аударады. Сондықтан әр адамды шағын психолог деп айтуға болады. Сендер де шағын психологтарсындар деп айтуға болады.

Бірақ нағыз психологтар адамның жан дүниесін ғана емес, адамдардың танымдық процестерін де зерттейді: ол, ес сақтау, эмоциялар, ерік, қиял, ой қабілеті, зейін, интуиция тағы басқа. Сонымен қатар психологтар психологиялық қасиеттерін: мінезін, темпераментін, қарым- қатынас стилін, танымдық процестерін арнайы өлшем құралдармен байқайды (тест, сауалнама деп аталады).

Зерттеу мен экспериментпен шектелмей, психологтар өмір бойы өздері үйреніп, басқа адамдарды қарым-қатынас жасауға, өзінді ұстауға, басқаларды түсінуге үйретеді. Жақсы оқуға, кез келген істі жақсы жасауға, басқа адамдармен сәтті қарым-қатынас жасауға өте пайдалы іс әрекеттерге үйретеді. Осындай пайдалы іс әрекеттеріне біз де бүгін үйренуге тырысамыз.

Ойын «Қар кесек»

Балалар біз қазір «қар кесек» ойынды ойнаймыз. 1-ші қатысушы 2-нші қатысушының көзіне қарап, өзінің атын айтады қол түйістіреді, 2-ші қатысушы 3-нші қатысушының көзіне қарап 1-ші қатысушының атын, өзінің атын айтып, қол түйістіреді. Солай бір бірімізге қарап тілегімізді ары қарай жалғастырамыз.

Сұрақ: Сенің бүгінгі күні көңіл күйің қандай?

- көңіл күйлерің өте жақсы болса жасыл дөңгелекті көрсетіндер

- көңіл күйлерің орташа болса көк дөңгелекті көтересіндер

- дербестікті сезсендер қызыл түсті дөңгелекті көтересіндер

Аттарымыз, көңіл күйіміз, ішкі дүниеміз әр түрлі болса да, бізге бірігіп сәтті жұмыс жасауға не қажет деп ойлайсындар?

Ережелер:

- Өз пікірін еркін айтуға болады.

- Басқа адамдардың пікірін ілтипатпен тыңдауы қажет

- Бір бірімізді мазақтауға, ескерту жасап, сөзін бөлуге болмайды.

Осы ережелерді сақтасақ тренингіміз сәтті өтеді.

Ойын «Тамшылар»

Сөздіктермен жұмыс. (Сынып ұжымын 3-ке бөлеміз)

Балалар, сіздерді бір неше психологиялық сөздермен таңыстырғым келеді (тұлға, агрессия, дербестік, мазалану, бейімделу, өзін-өзі бағалау)

Сөздің мағынасы? Адамға қажеттілігі? Барлық адамдар одан өтеді ме? Осы параметрлардан адамдардың айырмашылықтары қандай?

Түсініктеме беріледі.

Ойын «Кемпірқосақпен жоғарғыға»

«Мектеп жолы» суретімен таныстыру.

Елестетіндер Сендер саяхатшысыңдар. Қарандаршы жолдың ең қиын кезеңінің өтіндер. Осы кездерде (бастауыш сыныптарды) Сендерге қандай қиыншылықтар кездесті?

Қиыншылықтарды қалай шештіңдер? Бастауыш сыныптарда менің есімде қалды...

(сөйлемді жалғастырындар)

(Доп арқылы жауаптарын сұрау)

Мектепте қалай оқу керек деген тәжірибе алдыңдар, енді жолдарын қиын болмайды. Енді сіздер тәжірибелі саяхатшысыңдар ғой.

Ал, енді бесінші сыныптан не күтесін... (5 сыныпта не өзгерді, не қиын, не қызықты сөйлемді жалғастырындар)

5-9 сынып мектеп жолының ең маңызды бөлшегі. Осы кезеңді негізгі буын деп бекер айтқан жоқ.

Негізгі деген не? (Доп арқылы жауаптарды сұрау)

Оны қалай өту қажет?

Негізгі дегеніміз басты, бәрі оған байланысты, сондықтан осы негізді буында барлық күштерін салып оқу қажет.

Ойын «Комплимент»

Қатысушы қолына доп алады, басқа балалр осы баланың жағымды қасиеттерін айтады.

Ұсыныс: Әр адамдардың оған көмектесетін, жағымды қасиеттері бар, осы қасиеттер арқылы сыныптастарына көмек көрсетуі қажет, сонда өзіне көмек қажет болғанда сыныптастарың саған көмек жасайды.

Ойын «Өз әлеміңді құр»

2 топқа бөлініп сыныптастарымен бірігіп «Әлем» салыңдар, әлемдеріңе барлық сыныптастарына өзін жақсы сезінетін болуы керек. «Әлемдеріңді» атандар. Ойын «Баспа бойынша хат»

Қатысушылар, газетке тұрады. Тапсырма қаталанылады (газетті 2,4,6 қабатқа бүктеу)

Қорытынды:

Сұрақ: Сенің қазір көңіл күйің қандай?

- көңіл күйлерің өте жақсы болса жасыл дөңгелекті көрсетіндер

- көңіл күйлерің орташа болса көк дөңгелекті көтересіндер

- дербестікті сезсеңдер қызыл түсті дөңгелекті көтересіндер

Ойларымызбен пікірлесу.

ХАТТАМА

Күні: 25.09.2023ж

Тақырыбы: «Бірінші рет 5 сыныпқа!» тренингі

Қатысқандар: 5-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2023-2024 оқу жылының 25 қыркүйек күні 5-сынып оқушыларына «Бірінші рет 5 сыныпқа!» тренингі 5 сынып оқушыларына жана оқу кезеңіне сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау мақсатында тренинг болып өтті. Бұл тренингке 5-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. Сәлемдесу
2. Ойын «Қар кесек»
3. Ойын «Тамшылар»
4. Ойын «Кемпірқосақпен жоғарғыға»
5. Ойын «Комплимент»
6. Ойын «Өз әлемінді құр»
7. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова





«Бекітемін»

Ә.Құдабаев атындағы
№ 197 мектеп директоры
Е.Ақпалов

Тренинг

Тақырыбы: «Жетістікке жету – өз қолыңда»! тренингі

Қатысқандар: 6 «А» сынып оқушылары

Орындаған: С.Биназарова

Қызылорда қаласы, 2023-2024 оқу жылы

«Жетістікке жету – өз қолыңда!» тренинг

Тренинг тақырыбы: «Жетістікке жету – өз қолыңда!»

Тренинг ережесі:

- Тындай білу
- Сөзді бөлмеу
- Белсенділік
- Шығармашылық
- Төзімділік
- Сыйластық

Мақсаты: Оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен өзін-өзі көрсете алу дағдыларын қалыптастыру. Алдына қойған мақсатына психологиялық жағынан көмек беру, жас жеткіншектердің болашақта тұлғалық дамуына жол ашу.

Тренинг міндеттері:

- Өз бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін білу, түзетуге көмектесу;
- Топтағы өз орнын және өзінің ортасын танып білуіне көмектесу;
- Топта белсенді жұмыс жасауға түрткі, ниетті қалыптастыру.

Өтілу барысы:

1. Кел танысайық
2. «Жетістік қадамы» ойыны
3. «Фанта-кола» ойыны
4. «Дәлдеу» ойыны
5. «Кім мерген» ойыны
6. «Дұрыс-бұрыс» ойыны
7. «Рахмет саған!» рефлексия

1. «Кел танысайық» жаттығуы

Мақсаты: Оқушыларды бір-бірімен амандасуы.

Шарты: жүргізуші жасыл түс көрсетеді, оқушылар бір-бірінің қолын қысады. Жүргізуші қызыл түс көрсетеді, оқушылар бір-бірінің арқаларын сипайды. Жүргізуші сары түс көрсетеді, оқушылар иықтарын түсіреді.

Талдау: Сізге қай қимылды көрсеткен қиын болды? Қай қимыл ұнады?

2.»Жетістік қадамы» ойыны

Мақсаты: үлкен жетістіктерге кішкене қадамдар арқылы жете алатындарын түсіндіру.

Шарты: оқушыларды екі оқушыдан шығып шарды үрлеп мәреге жету және оқушының көзін байлап, шеңберлер кедергісін баспай өту қажет.

Талдау: Межелеген мәреге бірінші жеткен оқушыларға сыйлық беріледі.

3. «Фанта-Кола» ойыны

Мақсаты: жетістікке байланысты құндылықтарды тұлға бойына қалыптастыру.

Шарты: оқушыларды сызық бойына тұрғызып, «Фанта» дегенде «Фаната» бетке, «Кола» дегенде «Кола» бетке секіру қажет. Қателескен оқушы ойыннан шығады.

Талдау: соңғы қалған оқушыға сыйлық беріледі.

4. «Дәлдеу» ойыны

Мақсаты: үлкен жетістіктерге кішкене қадамдар арқылы жете алатындарын түсіндіру.

Шарты: оқушыларды ұзыннан қатарға тұрғызып, жасыл, қызыл, көк шелектерді қойып, қолына шеңберді алып, дәлдеп салу қажет және шелектерді үстіне қарай қатарға қойып, оқушылардың қолына доп беріп, шелектерді доппен құлату қажет.

Талдау: шеңберді шелекке дәлдеп түсірген және шелектерді доппен құлатқан оқушыларға сыйлық беріледі.

5.«Кім мерген» ойыны

Мақсаты: оқушыларды тыныштандырып, ойларын бір жүйеге келтіру.

Шарты: оқушыларды ұзыннан қатарға тұрғызып, кезекпен кезек шарды дәлдеп жарғызу қажет. Талдау: шеңберді шелекке дәлдеп түсірген оқушыларға сыйлық беріледі.

6.«Дұрыс-бұрыс» ойыны

Мақсаты: оқушылардың ішкі түйсігімен сезінуін қалыптастыру.

Шарты: оқушыларды ұзыннан қатарға тұрғызып, кезекпен кезек қорап ішіндегі түрлі-түсті бөтелкелердің үстіне дәл сондай бөтелкелерді тура қою қажет.

Талдау: бөтелкелерді дәлдеп қойған оқушы қорапта жабыстырылып тұрған сыйлықты алады.

7.«Рахмет саған!» рефлексиясы

Мақсаты: бүгінгі тренингтен алған әсерлерін жазу және айту.

Шарты: Тақтаға гүлдің суреті ілінеді, әр оқушы өз пікірлерін көбелекке жазып гүлдің үстіне орналастырады.

ХАТТАМА

Күні: 23.02.2024ж

Тақырыбы: «Жетістікке жету- өз қолыңда» тренингі

Қатыскандар: 6 «А»-сынып оқушылары

Ө.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2023-2024 оқу жылының 23 ақпан күні 6-сынып оқушыларына «Жетістікке жету – өз қолыңда» тренингі оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен өзін-өзі көрсете алу дағдыларын қалыптастыру. Алдына қойған мақсатыа психологиялық жағынан көмек беру, жас жеткіншектердің болашақта тұлғалық дамуына жол ашу мақсатында тренинг болып өтті. Бұл тренингке 6-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Кел танысайық» жаттығуы
2. «Жетістік қаламы» жаттығуы
3. «Фанта-кола» жаттығуы
4. «Дәлдеу» жобалық әдістеме
5. «Кім мерген» ойыны
6. «Дұрыс-бұрыс» ойыны
7. «Рақмет саған» рефлексия
8. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Бинзарова